«Колутон ауылының ЖОББМ» КММ 2025–2026 оқу жылы бойынша
Оқу-тәрбие процесінің жылдық есебі

- Оқу жылының негізгі мақсаттары

Жеке тұлғаның функционалдық сапаларын және мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және дамытуға ықпал ете отырып, инновациялық білім беру технологияларын педагогтардың білім беру мен тәрбиелеу процесіне белсенді түрде енгізуіне ықпал ету.
Оқытудағы құзіреттілік тәсілін жүзеге асыру негізінде әрбір оқушының тұлғасын өзін-өзі жүзеге асыруға және әлеуметтенуге ықпал ету.
Қолданыстағы Мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізуде жоғары нәтижелерге қол жеткізу.
Қазақстандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
Сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту.
Есеп құрылымы
Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
Оқу жетістіктерін бағалау және мониторинг
МОДО және PISA дайындығы
Оқу үлгерімі мен білім сапасы
Пән апталықтары
Біліктілікті арттыру курстары, семинар, вебинарларға қатысу
Қосымша білім беру
Дарынды оқушылар жетістіктері
Педагог кадрлармен жұмыс
Цифрлық технологияларды қолдану
Қиын оқушылармен және ата-аналармен жұмыс
Аралық емтихан нетижесі
Қорытынды және ұсыныстар

**Оқу үдерісін ұйымдастыру**

Бастауыш білім беру. 1-4-сыныптар

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) стандартын жәнеҚазақстан Республикасы Оқу- ағартуминистрінің м.а. 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығының 1,2-қосымшасыбойынша үлгілік оқу жоспарымен ұйымдастырылды.

Мектепте білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-4- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Инварианттықоқу жүктемесінің көлемі келесідей: қазақ сыныптарында 1- сыныпта 18,5 сағат, 2-сыныпта 22 сағат, 3-сыныпта 25 сағат, 4-сыныпта 25 сағат; орыс сыныптарында 1- 20,5 сағат , 2-сынып сынып жоқ, 3-сыныпта 26 сағат, 4-сыныпта 27 сағат.

1-3-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 4-сыныптарда–«Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады,1-сыныпта «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады. 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту басталды. Сынып толымдылығына байланысты топқа бөліп оқыту ұйымдастырылған жоқ.

Вариативтік оқу жүктемесі бойынша1-сыныпта 1 сағат «Шахмат негізі», 2-сыныпта 1 сағат «Шахмат негізі», 1 сағат «Мәтін тану», 2 орыс сыныпта 1 сағат «Шахмат негіздері» , 3-сыныпта

1 сағат «Математика және логика», 4-сыныпта 1сағат «Математика және логика» тақырыбында топтық сабақтар ұйымдастырылады.

1-4-сыныптарда оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі : қазақ сыныптарда 1-сыныпта 19,5 сағат, 2-сыныпта 24 сағат, 3-сыныпта 26 сағат, 4-сыныпта 26 сағат; орыс сыныптарда 1-сыныпта 20,5 сағат, 3-сыныпта 26 сағат, 4-сыныпта 27 сағат.

1-4сыныптарда "Өмір қауіпсіздігі негіздері"оқу курсын міндетті түрде оқуды қамтамасыз етеді. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу пәні аясында жүзеге асырылады: 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4 сыныпта – 10 сағатты құрып, аталған курсты бастауыш сынып мұғалімдері өткізеді.

1-4 сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері» оқу курсын сынып жетекшілеріәрсыныпта6сағаттансыныпсағаттарыесебіненжәнесыныптан тыс уақытында ұйымдастырады. Бастауыш сыныптыңжетекшілеріжылдық тәрбие жұмыс жоспарында тақырыбы мен күнін көрсете отырып жүзеге асырады.

Негізгіортабілімберу.5-9сыныптар.

2025-2026 оқу жылында 5-9 сыныптарда білім беру процесі«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) стандартын және«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы) ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы12 тамыздағы№ 365 бұйрығының 6,7-қосымшасы бойынша ұйымдастырылып келеді.

Мектепте білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады. Оқу жылының ұзақтығы 5-9 - сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі : қазақ сыныптарында 5-6-сыныпта 28сағат, 7-сыныпта 31сағат, 8-сыныпта 32сағат, 9-сыныпта 33 сағат; орыс сыныптарында 5-6-сыныпта 29 сағат, 7-сыныпта 32 сағат, 8-сыныпта 33 сағат.

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен 5-8 сыныптарда0,5 сағаттан, 9-сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы өткізіледі.

Инвариативтік және вариативтік компоненттерді қоса алғанда, апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: қазақ сыныптарында 5-сыныпта – 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта –31,5 сағат, 8-сыныпта-32,5 сағат, 9- сыныпта-34 сағат; орыс сыныптарында 5- 6-сыныпта – 29,5 сағат, 7-сыныпта – 32,5 сағат, 8-сыныпта-33,5 сағат.

"Өмір қауіпсіздігі негіздері " 5-9 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 15 сағатты құрып, "Дене шынықтыру" оқу пәні аясында іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

"Жол қозғалысыережелері" 5-8сыныптарда жылына10сағатты құратын оқу курсы әр сыныпта сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытында өтеді.

**Жалпы орта білім беру. 10-11сыныптар.**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, 28.08.2020 ж. № 372 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)стандартын жәнеҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен, 10-11

сыныптар бойынша 30.09.2022 ж. № 412 86,88-қосымшасы бойынша үлгілік оқу жоспарымен ұйымдастырылады.

Мектепте білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылды. Оқу жылының ұзақтығы 10-11- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрады.

Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі : 10-11 қазақ сыныбында 32 сағат, 11 орыс сыныбында 34 сағат.

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен 10,11 қазақ сыныбы мен 11 орыс сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы, 11 қазақ сыныбында элективті курстар «Қазақстанның табиғи ресурстары», «Математикалық сауаттылық» , 10 сыныпта «Қазақстанның табиғи ресурстары» және «Математикалық сауаттылық» , 11 орыс сыныбында элективті курстар «Математикалық сауаттылық » өткізіледі.

Инвариативтік және вариативтік компоненттерді қоса алғанда, апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 10-11 қазақ сыныптарында 35 сағат, 11 орыс сыныбында 36 сағат.

"Өмір қауіпсіздігі негіздері " 10-11 сыныптарда АӘТД оқу пәні аясында 25 сағат жылдық оқу жүктемесі негізінде іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Қорытынды:
2025–2026 оқу жылында «Колутон ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ-де оқу-тәрбие үдерісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес ұйымдастырылды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде оқу жоспары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылды.
Мектепте 5 күндік оқу аптасы сақталып, оқу жүктемесі белгіленген нормативтерге толық сәйкес орындалды. Инварианттық және вариативтік компоненттер бойынша пәндер мен курстар толық көлемде жүргізілді. Вариативтік компонент аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлауын және тұлғалық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған «Шахмат негіздері», «Мәтін тану», «Математика және логика», «Жаһандық құзыреттілік», «Қазақстанның табиғи ресурстары», «Математикалық сауаттылық» курстары ұйымдастырылды.
«Өмір қауіпсіздігі негіздері» және «Жол қозғалысы ережелері» оқу курстары қолданыстағы талаптарға сәйкес өткізілді. Сабақтардың жүргізілуі мен тақырыптарының орындалуы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар арқылы қамтамасыз етілді.
BilimClass электрондық журналында оқу үдерісінің жүргізілуі жүйелі түрде қадағаланып, инварианттық және вариативтік компоненттер бойынша құжаттама уақытылы толтырылды. Оқу жылының соңында электрондық журналдардың жүргізілуі, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың орындалуы, күнделікті сабақ жоспарларының сәйкестігі және техника қауіпсіздігі журналдарының жүргізілуі тексеріліп, оқу бағдарламаларының толық орындалғаны анықталды.
Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында оқу үдерісі нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, білім алушылардың сапалы білім алуына, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға және олардың жан-жақты дамуына қажетті жағдайлар жасалды.
Құжаттаманың жүргізілу сапасы

| | |
|---|---|
| Сынып журналдары (электронды түрінде) | Уақытылы, дұрыс толтырылған. |
| Оқушылардың жеке істері | Толық жинақталған |
| Баға табельдері мен қорытынды есептері | Толығымен орындалды |
| Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары | Жыл басында бекітіліп, тексерілді. Талапқа сай құрастырылған. |
| Педагогикалық кеңес хаттамалары | Уақытымен , дұрыс жүргізіледі. |
| Мектепішілік бақылау материалдары | Жоспарға сай, уақытымен жүргізілді, анықтамалар жазылды. . |
| Қорытынды аттестаттау құжаттары | Емтихан белгіленген мерзімде, ұйымдасқан түрде, академиялық адалдық сақталып өткізілді. Барлық құжаттар сайт бетіне жүктелді, білім бөліміне тапсырылды. |

**Оқу жетістіктерін бағалау және мониторинг**

- БЖБ, ТЖБ өткізілуі және нәтижесі

| Пән | I тоқсан | II тоқсан | III тоқсан | IV тоқсан | Жылдық |
|---|---|---|---|---|---|
| Қазақ тілі | 78,94% | 79,06% | 71,5% | 81,81% | 79,54% |
| Қазақ әдебиеті | 76% | 79,16% | 79,16% | 92% | 80% |
| Қазақ тілі мен әдебиеті | 79,61% | 79,16% | 78,26% | 78,26% | 82,6% |
| Орыс тілі | 75,6% | 81,39% | 72,5% | 83,33% | 8095% |
| Орыс әдебиеті | 70,83% | 87,5% | 87,5% | 95,65% | 86,95% |
| Орыс тілі мен әдебиеті | 76% | 79,16% | 87,5% | 80% | 80% |
| Ағылшын тілі | 77,96% | 77,58% | 73,68% | 74,13% | 77,58% |
| Қазақстан тарихы | 68,75% | 75% | 78,26% | 77,08% | 77,08% |
| Дүниежүзі тарихы | | 89,58% | | 91,66% | 93,75% |
| Құқық негіздері | | 88,88% | | 94,73% | 94,73% |
| Дүниетану | | 100% | | 100% | 100% |
| Жаратылыстану | 81,25% | 88,88% | 81,25% | 80,55% | 94,44% |
| Математика | 77,77% | 83,33% | 83,33% | 83, 33% | 86,11% |
| Алгебра | 53,12% | 61,29% | 63,33% | 64,52% | 61,29% |
| Геометрия | 53,12% | 61,29% | 63,33% | 64,51% | 61,29% |
| Физика | 75% | 77,41% | 63,33% | 70,96% | 74,19% |
| География | 71,87% | 90,32% | 86,68% | 87,09% | 87,09% |
| Химия | 55,55% | 64,51% | 80,76% | 77,41% | 80,64% |
| Биология | 75% | 80,64% | 80% | 77,41% | 77,41% |
| Информатика | 100% | 97,91% | 100% | 100% | 100% |

Мектепте оқу жетістіктерін бағалау жүйелі түрде жүргізіліп, білім сапасының тұрақты деңгейі қамтамасыз етілді. Алдағы оқу жылында төмен көрсеткіш көрсеткен пәндер бойынша мақсатты жұмыстар ұйымдастырылып, білім сапасын одан әрі арттыру бағытындағы іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

**Оқу үлгерімі мен білім сапасы**

Үлгерім көрсеткіштері: бастауыш, негізгі және жоғары буын бойынша

| | 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-тоқсан | Жылдық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-сынып | | | | | |
| 2-сынып | 62,5% | 62,5% | 62,5% | 62,5% | 62,5% |
| 3-сынып | 60% | 80% | 80% | 80% | 80% |
| 4-сынып | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% |
| **1-4сыныптар** | **74%** | **78,9%** | **78,9%** | **78,9%** | **78,9%** |
| 5-сынып | 63,6% | 72,7% | 63,6% | 45,5% | 72,7% |
| 6-сынып | 83,3% | 66,6% | 83,3% | 83,3% | 83,3% |
| 7-сынып | 60% | 60% | 50% | 50% | 50% |
| 8-сынып | 37,5% | 50% | 50% | 50% | 50% |
| 9-сынып | 36,4% | 45,5% | 54,6% | 54,6% | 54,6% |
| **5-9сыныптар** | **53,6%** | **58,5%** | **58,5%** | **53,7%** | **60,9%** |
| 10-сынып | 75% | 66,7% | 66,7% | 75% | 50% |
| 11-сынып | 75% | 100% | 100% | 100% | 100% |
| **10-11сыныптар** | **75%** | **85,7%** | **85,7%** | **87,5%** | **75%** |
| **Барлығы** | 61,8% | 67,2% | 68,2% | **65,7%** | 68,7% |

- Жылдық, тоқсандық білім сапасы мен үлгерім динамикасы




- Үздік оқушылармен төмен үлгерімді оқушылармен жұмыс

Төмен үлгерімді оқушылармен жұмыс:

| Оқушының аты-жөні | Сынып | Пән | Мұғалім |
|---|---|---|---|
| Аугалиев Арлан | 2 сынып | Қазақ тілі, әдебиеттік оқу | Досмагамбетова Ж.Ж. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Дәнекерқызы Аяжан | 3 сынып | Қазақ тілі, математика | Хахтай Г. |
| Сартай Гүлсая | 5 сынып | Тарих, қазақ тілі | Хаметова А.А.<br><br>Асылбеков Т.Ж. |
| Жеңіс Раяна | 6 сынып | Математика, | Клыщанова Ж.М. |
| Балғабай Әдия | 5 сынып | Математика | Клыщанова Ж.М. |
| Сергазина Ангелина | 7 сынып | Математика, орыс тілі | Смагулова М.Ш. Куц Е.А. |

Пән мұғалімдері қосымша сабақтар, жеке консултациялар жүргізіп, ата-аналармен тығыз байланыста болды.

## МОДО және PISA дайындығы

МОДО жоспары құрастырылып, барлық іс-шаралар жоспарға сай өткізілді.

МОДО аясында пән мұғалімдерінің кәсіби дайындығы жоғары деңгейде жүргізілді. Алдағы оқу жылында мұғалімдердің практикалық тренингтермен өзара сабаққа қатысу арқылы кәсіби дамуын жалғастыру ұсынылады.

PISA форматына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. PISA стиліндегі қысқа тест тапсырмаларын жүйелі қолдану.

Оқушылардың өз бетімен оқу, іздену, талдау дағдыларын арттыру – басты басымдық ретінде жалғасуы қажет. Оқу сауаттылығы, математикалық, жаратылыстану сауаттылығына бағытталған жұмыстар.

Мақсаты: Оқушының мәтінді түсіну, негізгі ойды табу, мәтіндегі ақпаратты салыстыру, талдау, дәлел келтіру қабілетін дамыту жолы қарастырылды.

Іске асқан шаралар:

Сабақ барысында мәтінмен жұмыс істеу әдістері (INSERT, кластер, «ақиқат немесе жалған») қолданылды.

Оқылым мен жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар көбейтілді (эссе, пікір жазу).

5–9 сыныптар арасында «Оқу сауаттылығы – табыстың кілті" байқауы өткізілді.

Сабақтан тыс үйірмелерде мәтін мазмұнын баяндау,ақпаратты өңдеу тапсырмалары берілді.

| № | сынып | журнал бойынша оқушылар саны | қатысқан оқушылардың нақты саны | "5" баға алған саны | "4" баға алған саны | "3" баға алған саны | "2" баға алған саны | орташа балл | оң бағалар % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4 "а" | 3 | 3 | 1 | 2 | 0 | 0 | 4,3 | 100 |
| 2 | 4 "б" | 3 | 3 | 3 | 0 | 0 | 0 | 5 | 100 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 9 "а" | 6 | 6 | 0 | 3 | 3 | 0 | 3,5 | 50 |
| 4 | 9 "б" | 5 | 5 | 0 | 2 | 3 | 0 | 3,2 | 40 |

Жалпы қиындықтар орта есеппен оқушылар мыналарды атады:

- Тәуелсіз оқиғалардың ықтималдығын бағалаудағы қиындықтар;
- Топтастырылған диаграммадағы мәліметтермен ақпарат пен есептеулерді табудағы қиындықтар;
- Кеңістіктік қиял қажет болатын мәселелерді шешудегі қиындықтар;
- Бейтаныс сюжетті қабылдаудың қиындығы, кеңістіктік қиялдың болмауы;
- Мәтінде жоқ ақпаратты тарта алмау.
- Күрделі мәселелер: рефлексия және интуиция; шығармашылық тәсіл; шешім әдісін әзірлеу; жалпылау; негіздеу.

## Пән апталықтары

Қазақстан халқы тілдер күніне арналған іс-шара онкүндігінің қорытындысы.

5 қыркүйек күні әдістемелік бірлестік жетекшісі Д.НабиеваҚазақстан халқы тілдері күніне арналған іс-шара онкүндікті өткізу жоспарымен таныстырды.

https://www.instagram.com/p/DON8jVLDO1_/?igsh=MTN3M29zdWEwcHZ1OQ==

8 қыркүйек күні Тілдер күніне орай кітапханашы И.Мажитова «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлт ұстазы» тақырыбында көрме өткізді. Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасыр басында қазақ халқының ұлттық санасын оятуға бағытталған «Алаш» қозғалысының белсенді мүшесі болды. Ол Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы шығып, қазақ халқының өзін-өзі басқаруын талап етті. 1917 жылы Алаш Орда үкіметі құрылғанда, ол оның негізгі идеологтарының бірі болды.Ахмет Байтұрсынұлының есімі ұзақ жылдар бойы айтылмай келді. Тек 1988 жылы ғана ақталды. Бүгінде ол қазақ халқының ұлттық рухының символы, «Ұлт ұстазы» атанған тұлға. Оның еңбектері мен идеялары әлі күнге дейін қазақ қоғамының дамуына әсер етуде.

https://www.instagram.com/p/DOXjbtLDGhW/?igsh=Y25taXhjbmk0dGlw

8 қыркүйек күні Р.Қабдеш тілдер күніне орай "Тіл мерекесі" тақырыбында сурет көрмесін өткізді.Сурет көрмесіне 1-4 сынып оқушылары қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DOV0CxFDBho/?igsh=YXZlZDA3ZzUzazBi

8 қыркүйек күні  Хахтай Гульжазира 3-4 сыныптарда "Мақал-сөздің мәйегі " атты сайыс өткізді. Мақсаты: Халық ауыз әдебиетінің інжу-маржаны – мақал-мәтелдердің мәнін ұғындыру; оқушылардың сөздік қорын байыту, сөйлеу мәдениетін дамыту негізінде ұйымдастырылды. Оқушылар екі топқа бөлініп "Білімділер" мен "Тіл" топтары өзара мақалдарға байланысты "Сәйкесін тап",  "Суретпен мақал" және "Кім көп мақал біледі?" тапсырмалар орындады.

https://www.instagram.com/reel/DOXggxkDKLM/?igsh=Mng0d2tob2R5aG0=

9 қыркүйек күні  тілдер мерекесіне орай ағылшын тілі пәні мұғалімдері М. Кабдешова және В. Доспаева «Полиглот» зияткерлік ойынын өткізді
Өткізілу барысы:

- Ойынға 8–10 сынып оқушыларынан жасақталған командалар қатысты.
- «Полиглот» ойынының шарттарына сәйкес қатысушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөздерді аударып, әртүрлі тапсырмаларды орындады.

- Сұрақтар білім деңгейіне сай дайындалды: лексикалық, грамматикалық, жұмбақтар, мақал-мәтелдер және логикалық тапсырмалар қамтылды.
- Ойын барысында оқушылар белсенділік танытып, өз білімдерін жан-жақты көрсете білді.

Мақсаты:
- Оқушылардың ағылшын тіліндегі сөздік қорын кеңейту.
- Логикалық ойлау қабілетін дамыту.
- Тілді үйренуге деген қызығушылықты арттыру.
- Сыныптар арасында ынтымақтастық пен достық қарым-қатынасты нығайту.

Нәтиже:
- Оқушылардың сөздік қоры мен тілдік дағдылары дамыды.
- Топпен жұмыс жасау қабілеті нығайды.
- Қатысушылар өзара қолдау білдіріп, достық қарым-қатынас орната алды.
- Жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

Қорытынды: «Полиглот» зияткерлік ойыны ағылшын тілі пәнінен өткізілген өте тиімді іс-шара болды. Ол оқушылардың үш тілде еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлауын жетілдіруге және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.
https://www.instagram.com/p/DOaw1g_jHRh/?igsh=aHAyMmZpamVlNmdk

9 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Асылбеков Тамирлан Жанарбекович Қазақстан халқы тілдер күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай 10-11 сынып оқушыларымен "Тіл-мәдениеттер достығы" тақырыбында пікір сайыс турнирін өткізді.

https://www.instagram.com/p/DOXiMoejFXU/?igsh=MWc2a2l3bXB3eWEzbA==

9 қыркүйек күні  Ж.Досмагамбетова Қазақстан халқы тілдер күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай “Мен үйренген жаңа сөздер” атты бастауыш сынып оқушыларының шағын жобаларын өткізді. Мақсаты: Оқушылардың сөздік қорын байыту; Жаңа сөздерді есте сақтап,сөйлемде дұрыс қолдануға үйрету; Ойын арқылы сөзге қабілеттерін арттыру;

https://www.instagram.com/reel/DOaKqlfDDkO/?igsh=NXY0ajkxbTl4ZTR2

10 қыркүйек А. Жаканова  “Ұлттық киімдер - ұлт айнасы” сән көрсетілімі өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DOcfMzTDNyd/?igsh=MTA1bXl3ZGFzOG9pdQ==

11 қыркүйекі А. Аксеитова 5-8 сынып оқушылары Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай  “Менің тілім - менің мақтанышым”атты байқау оқушылармен өткізілді.
Мақсаты:
- оқушылардың ана тілге құрмет көрсетуге, жақсы көруге тәрбиелеу.
- оқушылардың ойлауын, сөз тапқырлығын, сөйлеу шапшаңдығын жетілдіру мақсатында ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/DOnsdH5jHEv/?igsh=dGl1amN3YzZtcnlo

12 қыркүйек бастауыш сынып мұғалімдері Қазақстан халқы тілдер күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай  “Тіл мерекесіне - салауатты өмір“  спорттық жарыстар өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DOgpwgxDF10/?igsh=bHRsOWRjbzVmY2Jk

15 қыркүйек А. Хаметова  5-8  сынып оқушыларымен "Достық пен ынтымақ"тақырыбында флешмоб өткізді.
Мақсаты: - оқушы бойына қимыл икемділігі мен музыкалық сезімін, музыка ырғағына түсіндіріп қалыптастыру;

- көңіл күйдің дамуына, жағымды қылықтарға, әдемілікке, достыққа, тәртіптілікке, татулыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу;

https://www.instagram.com/reel/DOnBFAdjLBu/?igsh=aGFqbzdqMG9yNjI3

16 қыркүйек “Мемлекеттік тіл - ел мәртебесі” атты салтанатты жиын өтті, оқушылар марапатталды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында өткізілді.

2025 жылы 13-24 қазан күндері мектебімізде бастауыш сынып онкүндігі өткізілді.
Апталықтың мақсаты:
Жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту». Оқу үдерісін жетілдірумен қатар баланың шығармашылық, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отыра бастауыш сынып мұғалімдері онкүндіктің жоспарын құра отыра, алдына келесі міндеттер қойылды:
-Жасанды интеллект пен заманауи технологияларды оқу үдерісіне енгізу мәдениетін қалыптастыру;
- оқушының оқуға деген оң мотивациясын қалыптастыру;
-мұғалімдердің кәсіби және цифрлық құзыреттілігін жетілдіру;
- сыныптан тыс іс- шараларды қызықты өткізу формаларын қолдана отыра, барлық балаларды оқу және тәрбие үдерісіне тарту;
Онкүндік кезінде өткізілетін ашық сабақтар мен іс-шаралардың жоспары құрылып, мектеп директоры А.Аксеитова бекітті. Бастауыш сынып мұғалімдері бекітілген жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жоспарланған іс- шаралар толық өткізілді.
13 қазан күні.Онкүндіктің ашылуы.
https://www.instagram.com/reel/DPyAemJjIjN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
14 қазан күні. «Көңілді үзілістер» Бастауыш сынып мұғалімдері С.Абдрахманова , Р.Кабдеш ұйымдастыруымен өткізілді. Әр үзілісте қызықты ойындар өткізіліп, жеңімпаздарға тәттілер сыйлады.
https://www.instagram.com/reel/DPylQlnjGy7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA
15 қазан 2 «А»-3 «А»-4 «А» қазақ сыныптарында Г.Хахтай «Жұлдызды сәт» ойынын өткізді.
Мақсаты: Оқушылардың білімін,ой-өрісін,тапқырлығын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.Оқуға ізденуге,өз бетінше ой қорыта білуге баулу.Жылдам әрі нақты жауап беруге үйрету.
Оқушылар үш топқа бөлінді «Тапқырлар», «Білімпаздар», «Жұлдыздар» .Әр түрлі тапсырмаларды жарыса орындады. Ойын «Капитандар сайысы»-мен аяқталды. Ойында 1 орынға «Тапқырлар» тобы иеленді,2 орын «Білімпаздар» тобы,3 орын «Жұлдыздар» тобы иеленді.
16 қазан Р. Қабдеш «Күзгі қолөнер бұйымдары» көрмесін ұйымдастырды.Оқушылар күз тақырыбына түрлі бұйымдар жасап мадақтамаларға ие болды.
https://www.instagram.com/reel/DP3_1NYjNfO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=
17 қазан А. Жаканова 2 «Б»-4 «Б» сыныптарында «Крестики и нолики» ойынын өткізді. Цели: знать ,в чем суть игры.Развивать умение отвечать быстро,воспитывать умение сопереживать.Игра состоялься из 9 заданий.
Да-нет,Загадки,Буриме,Блиц-опрос,Доскажи словечко,Миниатюры,Наоборот
Четвертый лишний.

Оқушылар екі топ болып ойнады.Оқушылар өз білімдерін көрсете отырып,жарыса,қызыға қатысып отырды.Әсіресе мына оқушылар Куницкая Полина, Асанов Даниял, Куницкий Алексей шапшаңдық танытып, білімдерін көрсете білді.
20 қазан Р. Қабдеш «Алтын күз» пейзаж сурет көрмесін ұйымдастырды. Оқушылар күзгі пейзаж суреттерін салып. Мадақтамалармен марапатталды. https://www.instagram.com/reel/DQBwGpwDBHW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

21 қазан А.Шокыбаева бастауыш сынып оқушыларымен «Арайлы алтын күз» мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың екпінді дұрыс қоя білу, оқу мәнерін меңгеру, өлеңнің ойы - мазмұнына сай баяу, жігерлі оқу немесе тілек, сұрақ, көңіл- күйді көтеріңкі үнде оқи білу машықтарын байқау, бағалау.
Балалардың дүниетанымын дамыту, өлең сөзге деген қызығушылықтарын арттыру. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.
Әсем табиғатты аялай білу,қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Оқушылар күз туралы өлеңдерін оқып ,әділқазылар шешімімен 1,2,3, орындарға ие болды.1 орынға ие болған 4 «а» сынып оқушысы Мусулканова Диляра «Күз» өлеңімен, Арлан Асанали 2 « а» сынып оқушысы «Күзгі әуен» өлеңімен.

2 орынға ие болғандар Болат Самир 2 «а» сынып оқушысы, Ермек Ерсайн 2 «б» сынып оқушысы. 3 орынға ие болған Куницкий Алексей 2 «б» сынып оқушысы.Орын алған оқушылар мадақтамамен марапатталды.

22 қазан Ж.Досмагамбетова «Күзгі асар» жәрмеңкесін өткізді. Мақсаты: Тәттілердің жасалу жолдарын айтып түсіндіру.Үлкендер еңбегін бағалауға, ұйымшылдыққа қамқорлыққа тәрбиелеу. Таңертеңгі ауысымда ,түскі ауысымда оқушылар дайындап әкелген тәттілер жәрмеңкесін өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DQJ-rovDEWV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA=
23 қазанШағынорталықтәрбиешісіГ.Хасенова «Көкөністерменжемістер» тақырыбындатілдамытупәніненашықсабақөткізді. Мақсаты: Жемістерменкөкөністердіажыратуғаүйрету. Олардыңтүрін, пішінімендәмітуралытүсініктерінкеңейту. Сөздікқорынбайыту, логикалықойлауқабілеттеріндамыту.
Сабақбарысындабалаларкөкөністерменжемістердіқолдарынаалаотырыпаттарын, түстерінайтыпберді. «Бақшадажәнеағашта» ойыныарқылыкөкөністерменжемістердіорындарынаорналастырабілді. Өздерініңқалағанкөкөністіңбояуынтаңдайотырыпсуретінбояды.
Балаларкөкөністерменжемістердіжақсыайырабіледі. Бояуқылқаламменжұмысістейалатындарыкөрінді.
24 қазанкүніосыонкүндіктеөткізілгеніс- шаралардағыжеңімпаздардымадақтамалармарапатталды.

2025 жылдың 10 қарашасынан бастап 21 қараша аралығында
«Сөз өнері» (қазақ тілі мен әдебиеті) онкүндігінің есебі

Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2025-2026 оқу жылындағы 10 қарашадан 21 қараша аралығында 1-11 сыныптар арасында «Сөз өнері» қазақ тілі мен әдебиет онкүндігінің ашылуы өтті. Онкүндіктің ашылуында қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімдері онкүндікте өтетін іс-шаралардың жоспарымен оқушыларды таныстырды."Сөз өнері" онкүндігінің ашылу салтанаты мынадай мақсатта оқушыларға қазақ тілі мен әдебиеті туралы мәлімет беру. Шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін арттыру. Оқушыларды өз тілін сүйіп, құрметтеуге баулу. https://www.instagram.com/reel/DQ548R1jOan/?igsh=MXV4dzBuZXpteG1jNQ==

10 қараша күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері үзіліс уақытында «Мақал сөздің мәйегі» атты көңілді үзіліс өткізді. Мақсаты: Оқушыларды «Мақал сөздің мәйегі» дегендей, ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиелеу.Мақал -мәтел -ата -бабамыздан қалған өшпес мұра. Мағынасы терең, құны қымбат қазына. Шешендік сөйлеуге, сөз астарын мағыналы түрде сипаттап көрсету,салауаттылыққа тәрбиелеу. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. Ойлау,есте сақтау,ой түйіндеу, ауыз екі сөйлеу,ой -өрісін кеңейту.

https://www.instagram.com/reel/DQ555DXjB4s/?igsh=MXhjOWYyNXZqbnh2

11 қарашасы күні "Ұлттық құндылықтарды қаншалықты білеміз?" атты әдеби репортаж өткізілді.Ұлттық құндылықтар-әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағида. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы -тілі, діні, салт - дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады.Ұлттық құндылықтары дәріптеу,құрмет көрсету,сақтау.

https://www.instagram.com/reel/DQ6ZldojLNZ/?igsh=MWE0YnM4bGc5eW1x

12 қараша күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Т.Асылбеков “Сөз мерген” интеллектуалды ойын 5-6 сыныптарда өтті. Интеллектуалды ойын оқушылар арасында өткенде, бұл іс-шара олардың ой-өрісін, тапқырлығын, логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, шығармашылықтарын шыңдауға көмектесті. Мұндай ойын балалардың өз білімдерін көрсетуге және өзара бәсекеге түсуге мүмкіндік берді. Әртүрлі тапсырмалар мен сұрақтар беріліп, қатысушы оқушылардың жауап беру жылдамдығы мен тапқырлығы бағаланды.

https://www.instagram.com/reel/DQ8Np4DLtd/?igsh=MWg1YXVpMDl4Nm1qag==

13 қараша күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.Аксеитова А.Құнанбаев қарасөздерін оқу «Көркемсөз»оқу шеберіатты сыныптан тыс іс- шара өткізді. Көпшілікке көркем әдебиетті, қазақ қаламгерлерінің шығармашылық мұрасын насихаттау. Сондай-ақ білім алушылар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту, қазақтың ұлттық өнеріне, әдебиеті мен тіліне деген ықыласын арттыру. Көркемсөз шеберіне 8-9 сынып оқушылары қатысты."Көркемсөз" оқу шебері атты, сыныптан тыс іс-шараның мақсаты: Оқушылардың оқырмандық көзқарасын кеңейту;өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау; талантты оқушыларды анықтау және оларға қолдау жасау, өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік беру.
https://www.instagram.com/reel/DRBlzkdjEe6/?igsh=MW45Znh2eGhyb2FnMQ=

=

14 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Т.Асылбеков 10-11 сынып оқушыларымен "Тіл ұлттық айнасы" тақырыбында пікірталас өткізді. Мақсаты: Тіл мен ұлттық құндылықтардың өзара байланысын талқылау арқылы сыни ойлау, ойды дәлелдеп жеткізу, пікірталас мәдениетін дамыту.

https://www.instagram.com/reel/DRJNXeYjGPg/?igsh=b2Nkazk2dnE4Zmpk

17 қараша күні қазақ тілң мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Аксеитова 5-10 сынып оқушылар арасында «Жас қаламгер» өз шығармаларын оқу атты, Жас қаламгер - мектебіміздің оқушылары өз шығармаларын, мақалаларын газет-журнал бетіне беруде. Ұлт зиялыларының ұстанған бағытын түсіндіру оқушылардың бойында елжандылық, отаншылдық қасиеттерін шыңдау, патриоттық сезімдері мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға жол ашу,олардың шығармашылық ізденісін ұлғайту және сол арқылы қазақ поэзиясының дамуына үлес қосу, жас таланттар мен дарынды ақындарды ынталандыру.

https://www.instagram.com/reel/DRJhVJ6DJK9/?igsh=N2o4c3YyazY0aWIx

18 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Мухамеджанова «Тіл достықтың кілті» атты кітап көрмесін өткізді. Кітап – білімнің кілті! Кітап көрмесінің мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыру. Көрме арқылы балалар түрлі жанрдағы шығармалармен танысып, өзіне жаңа әлем ашты. Оқу – дамудың, ойлаудың, рухани байлықтың бастауы. Кітап оқитын ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!

https://www.instagram.com/reel/DRPoiKujCtd/?igsh=MWM1amswY2o2NHgwMg==

19 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Мухамеджанова 5-8 сынып оқушыларымен «Қазақ тілі-рухани байлығым» атты квест ойының өткізді. Қатысушылар түрлі станцияларды өтіп, тілге қатысты тапсырмаларды орындап, өз білімдерін, тапқырлығын және бірлігін көрсетті. Қазақ тілі — халқымыздың жүрегі, тарихы мен рухани қазынасы. Ал бүгінгі ойын – сол құндылықты балаларға қызықты форматта жеткізудің бір жолы болды. Тілімізді құрметтейік, Рухани байлығымызды дәріптейік!

https://www.instagram.com/reel/DRPpRs8DOca/?igsh=czBnZTByYnJqdTdj

20 қараша күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Т.Асылбеков 9-11 сынып оқушылар арасында «Қазақ тілі ардағым» тақырыбында эссе жазу байқауын өткізді.Байқаудың мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту; Қазақ тілінің мәртебесін көтеру; Тіл туралы ой толғап, көркем жазу мәдениетін қалыптастыру.

https://www.instagram.com/reel/DRQ_8-7jLLO/?igsh=eDBnM2VzY3ZpZ2N3

21 қараша күні қазақ тілі мен әдебиет онкүндігінің қорытындысы бойынша белсене қатысқан оқушыларға мақтау қағаздары табыс етілді. Бұл онкүндік барысында түрлі іс-шаралар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылып, оқушылар өздерінің қазақ тілі мен әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Мақтау қағазы мен алғыс хаттар оқушылардың еңбегін бағалап, олардың тілге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізді. Қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, ұлттың бай мұрасын насихаттауға үлес қосты. Онкүндік бойынша жоспарланған ойға алынған барлық іс-шаралар ойдағыдай өтті. Іс-шараға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DRUS3QjjMNj/?igsh=MTJiMjVleHR4NXU4eg==

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы және құқық негіздері онкүндігі

12 қаңтар күні мектепте тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері» пәндері бойынша онкүндіктің салтанатты ашылуы өтті. Онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ азаматтық жауапкершілік пен патриоттық тәрбие беру. Онкүндіктің ашылу рәсімі оқушылар мен ұстаздарға арналған мазмұнды кіріспе сөзбен басталды. Аталған онкүндік 12–23 қаңтар аралығында өтеді. Осы уақыт аралығында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, тарихи танымын кеңейту және ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында төмендегі іс- шаралар жоспарланғанің айтылып өтті Ашылу рәсімі барысында оқушылар онкүндікке белсенді қатысуға шақырылды.
https://www.instagram.com/reel/DTaEARpDDQR/?igsh=OHU0ZHI3dnc4c3Fx==

13 қаңтар күні мектепте «Тарихи көрме» өтті.Іс-шараның мақсаты — оқушыларды қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігімен, киіз үйдің құрылымымен және ұлттық бұйымдарымен таныстыру болды. Көрме барысында киіз үйдің тарихи маңызы мен көшпелі өмір салтындағы рөлі кеңінен түсіндірілді.Оқушылар кереге, уық, шаңырақ, текемет, алаша, ыдыс-аяқ, ұлттық киімдер сияқты ұлттық заттармен танысып, қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымы туралы мағлұмат алды. Іс-шара ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал етті.Тарихикөрмеоқушылардың этнографиялық білімін кеңейтіп, тарихи мұраға деген қызығушылығын арттырды, сондай-ақ ұлттық мәдениетті сақтауға және оны кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталды.https://www.instagram.com/reel/DTcPTmzjO7K/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тарих онкүндігі аясында «Салт-дәстүр сөйлейді» атты көңілді үзіліс ұйымдастырылды.
Іс-шара барысында оқушылар мен мұғалімдерге қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына қатысты сұрақтар қойылды. Қатысушылар дәстүрлердің мәні мен тәрбиелік маңызы туралы өз ойларын ортаға салып, белсенді түрде жауап берді.Мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп қатысуы іс-шараны қызықты әрі мазмұнды етті. Сұрақ-жауап арқылы ұлттық салт-дәстүрлердің күнделікті өмірдегі орны түсіндіріліп, ұлттың рухани мұрасын құрметтеуге бағытталған тәрбие жұмысы жүргізілді.Көңілді үзіліс оқушылардың қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін қалыптастырды және жағымды әсер қалдырды.https://www.instagram.com/reel/DTcVWMeDIjb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==https://www.instagram.com/reel/DTt9iadjNBs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DTzHae0jKxC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

14 қаңтар күні 9–11 сынып оқушылары арасында «Тарихи монополия» зияткерлік ойыны өткізілді.Іс-шараны тарих пәні мұғалімі Н.Қабдеш ұйымдастырып, өткізді. Ойынның мақсаты — оқушылардың тарихи білімін тереңдету, логикалық ойлау қабілетін дамыту және пәнге деген қызығушылығын арттыру болды.Ойын барысында оқушылар жоғары белсенділік танытып, өзара ынтымақтастықта жұмыс жасады. «Тарихи монополия» зияткерлік ойыны оқушылардың тарихи білімін бекітуге, сыни ойлау дағдыларын дамытуға және командалық жұмысқа үйретуге ықпал етті. Іс-шара мазмұнды әрі тартымды өтіп, қатысушыларға жағымды әсер қалдырды.

15 қаңтар күні 5–6 сынып оқушылары арасында тарих пәні мұғалімі Д. Набиева «Жас тарихшы» атты зияткерлік ойын өткізілді.Мақсаты:

- Оқушылардың өз мемлекеті туралы білімін кеңейту және жүйелеу;
– Қазақстан тарихы бойынша алған білімдерін бекіту;
– Пәнге деген қызығушылығын арттыру. «Жас тарихшы» зияткерлік ойыны оқушылардың тарихи білімін тереңдетіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытты және тарих пәніне деген қызығушылықтарын арттырды.

https://www.instagram.com/p/DTsWpzUjMzY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

16 қаңтар күні тарих пәні мұғалімі Д. Набиева 9-сыныпта «Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары» тақырыбында ашық сабақ өткізді.Сабақтың мақсаты – оқушылардың Желтоқсан оқиғаларының себептері, сипаты мен тарихи маңызы туралы білімін тереңдету, тарихи деректерді талдау және сыни ойлау дағдыларын дамыту болды. Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталды. Психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында оқушыларға жағымды тілектер ұсынылды. Үй тапсырмасы «Көкпар» ойыны арқылы тексеріліп, оқушылардың

белсенділігі артты.Жаңа сабақ тақырыбы «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы анықталды. Оқушылар тарихи суреттерге сүйене отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын өздері тұжырымдады.Жаңа білімді меңгеру кезеңінде оқушылар «Демократиялық лагерь» және «Авторитарлық лагерь» тұрғысынан Желтоқсан оқиғаларын талдады. Бұл әдіс оқушыларға оқиғаны әртүрлі көзқарас тұрғысынан салыстырып, дәлелдер келтіруге мүмкіндік берді.Сабақта бейнематериал қолданылып, оқушылар маңызды деректерді анықтап, өз ойларын ортаға салды. Топтық жұмыс барысында интеллект-карта құрастыру арқылы оқушылар оқиғаның барысын, қатысушыларын, себептері мен нәтижелерін жүйеледі.ПОПС формуласы бойынша орындалған тапсырмада оқушылар Желтоқсан оқиғаларының демократиялық құндылықтар мен ұлттық теңдік үшін күрес болғанын дәлелдеп, тарихи фактілермен негіздеді.Білімді бекіту кезеңінде Quizizz платформасы арқылы интерактивті ойын өткізілді, бұл оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырды.Оқушылар берілген тапсырмаларды белсенді орындап, өз пікірлерін дәлелдермен жеткізе алды. Сабақ соңында оқу мақсаттарына қол жеткізілді.https://www.instagram.com/reel/DTuwBG1DFX6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

16 қаңтар күні тарих пәні мұғалімі Хаметова А. 5-сыныпта «Берел қорғаны» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға Берел қорғаны туралы тарихи деректерді жеткізу, сақ дәуіріндегі мәдени және тарихи маңызын түсіндіру, сыни ойлау дағдыларын дамыту болды.Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталды. Психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында оқушыларға жағымды тілектер айтылды. Үй тапсырмасы сұрақ-жауап арқылы тексеріліп, оқушылардың белсенділігі артты. Жаңа сабақ тақырыбы «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы анықталды. Оқушылар Берел қорғанынан табылған жәдігерлер мен суреттерге сүйене отырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын өздері тұжырымдады.Жаңа білімді меңгеру кезеңінде оқушылар табылған алтын бұйымдар мен қорған құрылымын талдап, олардың тарихи мәнін түсінді. Бұл әдіс оқушыларға оқиғаны әртүрлі қырынан қарауға, дәлелдер келтіруге мүмкіндік берді. Сабақта бейнематериалдар қолданылып, оқушылар маңызды деректерді анықтап, өз ойларын ортаға салды.Қолданылған әдістемелік тәсілдер:Дискуссия (талқылау) – оқушылар топқа бөлініп, Берел қорғаны мен сақ мәдениеті туралы өз пікірлерін ортаға салды. Мысалы: «Берел қорғанынан табылған алтын бұйымдардың маңызы қандай?» Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау және дәлел келтіру қабілеттерін дамытты.Рольдік ойын – оқушылар археолог немесе сарапшы рөлінде қорғаннан табылған жәдігерлерді талдады, әртүрлі көзқарастарын қорғады. Бұл әдіс сабаққа қызығушылықты арттырды.Интерактивті тапсырмалар (Quizizz) – білімді бекіту кезеңінде оқушылар интерактивті ойындар арқылы өз білімдерін тексерді, пәнге қызығушылықтары артты.Топтық жұмыс барысында оқушылар Берел қорғанының құрылымын, табылған жәдігерлерді және олардың тарихи маңызын жүйелеп, өз пікірлерін дәлелдермен жеткізді. Сабақ соңында оқу мақсаттарына толық қол жеткізілді, оқушылардың тарихи мәдениетке қызығушылығы артты, тарихи деректерді талдау және сыни ойлау дағдылары нығайды.

19 қаңтар күні тарих пәні мұғалімі А. Хаметова 5–6 сынып оқушылары арасында «Сақтар өміріне саяхат» атты танымдық іс-шара өткізді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға сақ тайпаларының тарихы, қоғамдық құрылымы, шаруашылығы, әскери өнері және мәдениеті туралы білім беру, тарихи тұлғалар арқылы патриоттық сезімін ояту болды.Іс-шара барысында оқушылар сұрақ-жауап әдісі бойынша белсенділік танытып, берілген тапсырмаларға жауап берді. Олар сақтардың тұрмысы, шаруашылығы, қоғамдағы рөлі, әскери ерекшеліктері мен тарихи маңызына қатысты білімдерін жүйелеп, талдау жасады. Іс-шара оқушылардың логикалық ойлау, тарихи деректермен жұмыс жасау және өз ойын дәлелдеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.Нәтижесінде оқушылар сақтар тарихы мен мәдениеті туралы толық ақпарат алып, тақырыпқа қызығушылықтары артты. Іс-шара мазмұнды әрі https://www.instagram.com/p/DT2W1UpjPcO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==тәрбиелік мәні жоғары өтті.

19 қаңтар күні тарих пәні мұғалімі Н. Қабдеш «Жеті атаны білесің бе?» атты сұхбат өткізді. Сұхбаттың мақсаты – оқушыларға қазақтың дәстүрлі тәрбиелік қағидасы – «Жеті ата білу» туралы түсінік беру, тектілік пен ұрпақ тазалығын сақтау мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік-адамгершілік пен жауапкершілік сезімдерін дамыту болды.Сұхбат ұйымдастыру кезеңінде оқушыларға тақырып түсіндіріліп, психологиялық жағымды ахуал қалыптастырылды. Мұғалім оқушыларға өз ата-бабаларын жеті атасына дейін сұрап білу тапсырмасын берді. Оқушылар бір-бірімен сұхбат жүргізіп, өздерінің отбасы шежіресін айтып, дәстүрдің мәнін түсінді.Сұхбат барысында оқушылар «Жеті ата білу» дәстүрінің отбасы мен қоғамдағы рөлін нақты түсінді, әлеуметтік-адамгершілік пен жауапкершілік сезімдерін нығайтты. Іс-шара мақсатына толық қол жеткізілді, оқушылардың ұлттық дәстүрге қызығушылығы артты.https://www.instagram.com/p/DTwlYVrjM0C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

20 қаңтар күні тарих пәні мұғалімдері «Мен кіммін?» атты сурет арқылы танымдық ойын өткізді. Ойынның мақсаты – оқушылардың тарихи тұлғаларды, көрнекі бейнелерді тану қабілетін дамыту, сыни ойлау мен логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ сабаққа қызығушылықтарын арттыру болды. Ойын ұйымдастыру кезеңінде оқушыларға ойынның ережесі түсіндірілді: әр оқушы басына тағылған ободоктағы суретті көрмей, өзінің тарихи тұлға кім екенін сұрақтар арқылы анықтауы тиіс болды. Мұғалім оқушыларға бағыт-бағдар беріп, ойын барысында сұрақтар арқылы жетекшілік етті.Ойын барысында оқушылар тарихи тұлғаларды тану, логикалық ойлау қабілеттерін дамытты. Сонымен қатар, ойын қызықты өтті, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты. Оқушылар ойынды орындау барысында белсенділік танытып, өз пікірлерін еркін білдірді.https://www.instagram.com/reel/DTuvxk1jPDu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

21 қаңтар күні тарих пәні мұғалімдері 8–11 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік ұрпақтары QR-код арқылы» ойын ұйымдастырды. Ойынның мақсаты – оқушыларға Қазақстанның тәуелсіздік тарихын тереңірек түсіндіру, сыни ойлау мен логикалық ойлау дағдыларын дамыту, заманауи технологияларды пайдаланып, пәнге қызығушылығын арттыру болды.Ойын барысында әр топқа QR-кодтар берілді. Әр кодты сканерлеу арқылы оқушыларға тарихи тұлғалар, оқиғалар немесе деректерге қатысты сұрақтар ұсынылды. Топ мүшелері бірлесіп, сұрақтарға жауап тауып, дұрыс шешімін тапқан сайын ұпай жинады.Ойын барысында оқушылар Қазақстанның тәуелсіздік тарихына байланысты маңызды деректерді меңгерді, топтық жұмыс арқылы пікір алмасу дағдыларын арттырды. Іс-шара мақсатына толық қол жеткізілді, оқушылар белсенділік танытып, пәнге деген қызығушылықтары нығайды.https://www.instagram.com/reel/DTzzdkdjCy4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

22 қаңтар күні тарих пәні мұғалімдері «Садақшылар сайысы» қызықты ойынын өткізді. Ойынның мақсаты – оқушылардың тарихи білімін дамыту және пәнге деген қызығушылығын арттыру болды.
Сайыс барысында оқушылар қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап беріп, өз білімдерін көрсетті. Олар тарихи ұғымдар мен оқиғаларды еске түсіріп, нақты әрі дұрыс жауап беруге тырысты. Кейбір сұрақтарға пікір алмасу арқылы жауап беріп, бір-бірін толықтырып отырды.
«Садақшылар сайысы» өте қызықты өтіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсті, ал ойын олардың білім деңгейін анықтауға және ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік берді.https://www.instagram.com/reel/DT0bP8JDL5U/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

23 қаңтар күні тарих пәні онкүндігінің қорытындысы бойынша белсене қатысқан оқушыларға мақтау қағаздары мен алғыс хаттар табыс етілді. Бұл онкүндік барысында түрлі тарихи ойындар, сұрақ-жауап, викториналар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылып, оқушылар өздерінің тарих пәніне деген қызығушылықтарын көрсетті.Мақтау қағазы мен алғыс хаттар оқушылардың еңбегін бағалап, олардың тарихи білімді меңгеруге деген ынтасын арттырды. Қатысушылар өз білімдерін ортаға салып, еліміздің тарихын насихаттауға үлес қосты. Онкүндік бойынша жоспарланған барлық іс-шара ойдағыдай өтті, белсенді оқушылар марапатталды және олардың жетістіктері атап өтілді.

## Математика, физика және информатика пәндері декадасының өткізілуі туралы есеп

Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері декадасы аясында оқушылардың білім сапасын арттыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға және оқу мотивациясын күшейтуге бағытталған ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.
Барлық іс-шаралар мазмұнының жүйелілігімен, заманауи білім беру технологияларын қолданумен, жұмыс түрлерінің әртүрлілігімен және оқушылардың жоғары белсенділігімен ерекшеленді.

Декаданың мақсаты
Оқушылардың жаратылыстану-математикалық цикл пәндеріне қызығушылығын арттыру, танымдық белсенділігін, логикалық ойлау қабілетін, функционалдық сауаттылығын және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Декаданың міндеттері

- математика, физика және информатика пәндерін оқуға тұрақты мотивация қалыптастыру;
- логикалық ойлау мен интеллектуалдық қабілеттерді дамыту;
- сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту;
- дарынды және қабілетті оқушыларды анықтау;
- командалық жұмыс дағдыларын және салауатты бәсекелестікті қалыптастыру;
- білімді тәжірибеде және стандартты емес жағдайларда қолдану дағдыларын дамыту.

Өткізілген іс-шаралар
Декаданың ашылуы
https://www.instagram.com/reel/DUhlGdujJJ8/?igsh=MTZiNm45Z3J0bm1wZw==
6 «Б» сыныбында информатика пәнінен Сарсембаева Д.К. ашық сабақ өткізді .
Тақырыбы: «Арифметикалық амалдарды жазу ережелері»
Мақсаты:
оқушыларда арифметикалық өрнектерді дұрыс жазу және алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыру.
Сабақ жоғары әдістемелік деңгейде, дамыта оқыту элементтері мен АКТ технологияларын қолдану арқылы өткізілді. Сабақ құрылымы жаңартылған білім беру мазмұны талаптарына сәйкес болды: мотивация, білімді өзектендіру, жаңа материалды меңгеру, бекіту және рефлексия кезеңдері айқын көрініс тапты.
Сабақ барысында алгоритмдік ойлауды қалыптастыруға, арифметикалық өрнектерді дұрыс жазуға, амалдардың орындалу тәртібін сақтауға және ережелерді практикада қолдануға ерекше көңіл бөлінді. Проблемалық сұрақтар, әртүрлі деңгейдегі практикалық тапсырмалар, өзін-өзі тексеру және өзара бағалау элементтері қолданылды. Оқушылар талқылауға белсенді қатысып, жауаптарын дәлелдеп, оқу материалын сенімді меңгергендерін көрсетті.
Сабақ жоғары танымдық белсенділікпен, қолайлы психологиялық ахуалмен және оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуымен ерекшеленді.
Нәтиже:
Оқушылар амалдардың орындалу тәртібі бойынша білімдерін бекітті, өрнектерді дұрыс жазу және алгоритмдерді қолдану дағдыларын көрсетті.
https://www.instagram.com/reel/DUlEuMFjMsW/?igsh=cDZuNDlvcjR1dTFv
«Қызықты математика әлемінде» сыныптан тыс іс-шарасы (5а–6а сыныптар). Мұғалім Клыщанова Ж.М.
Мақсаты:
ойын түріндегі жұмыстар арқылы математика пәніне қызығушылықты арттыру.
Іс-шара интеллектуалдық-танымдық ойын түрінде өткізілді. Бағдарлама логикалық есептерді, математикалық ребустарды, викториналарды және командалық жарыстарды қамтыды.
Ойын формасы оқушылардың психологиялық кедергілерін азайтып, әр қатысушы үшін табыс жағдайын жасауға мүмкіндік берді. Оқушылар жоғары белсенділік, бастамашылдық және командалық жұмыс дағдыларын көрсетті. Іс-шараның атмосферасы динамикалық, шығармашылық және жағымды болды.
Нәтиже:
Оқушылар белсенділік танытып, білімдерін көрсетті және командалық жұмыс дағдыларын дамытты.
https://www.instagram.com/p/DVscLH7jNy7/?igsh=NGJqcTBodWg5NnUw
Сарсембаева Д.К. «Физикадан қызықты сабақ» сыныптан тыс іс-шарасын 11а–11б сыныптар арасында өткізді
Мақсаты:
стандартты емес тапсырмалар мен практикалық бағыт арқылы физика пәні бойынша білімді тереңдету.
Іс-шара жоғары сынып оқушыларының білімін тереңдетуге бағытталды. Сабақ барысында зерттеушілік қызмет элементтері, практикалық жағдайларды талдау және сапалық есептерді шешу қолданылды.

Физикалық заңдардың өмірде қолданылуын көрсетуге бағытталған демонстрациялық тәжірибелер ерекше қызығушылық тудырды. Оқушылар пән бойынша жоғары дайындық деңгейін, талдау жасау, қорытынды шығару және өз пікірін дәлелдеу дағдыларын көрсетті.
Іс-шара сыни ойлауды және физиканы практикалық тұрғыдан меңгеруді дамытуға ықпал етті.
Нәтиже:
Оқушылар білімдерін нақты өмірлік жағдайларда қолдана алатынын көрсетті.
https://www.instagram.com/reel/DU2e3ZjDI_N/?igsh=ZTlqMWI0Y2NzOTA3
«Логарифмдік квест» сыныптан тыс іс-шарасы (11 сыныптар)
Мақсаты:
«Логарифмдер» тақырыбын командалық жұмыс және проблемалық тапсырмалар арқылы бекіту.
Квест командалық интеллектуалдық жарыс түрінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы ұйымдастырылды.
Тапсырмалар логарифмдік теңдеулерді шешуді, логарифмдердің қасиеттерін қолдануды және күрделілігі жоғары есептерді қамтыды. Квест форматы жылдам ойлау, стресс жағдайында шешім қабылдау және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етті.
Оқушылар белсенді қатысып, бастамашылдық танытып, тақырып бойынша терең білімдерін көрсетті.
Нәтиже:
жылдам есеп шығару, логикалық ойлау және командалық өзара әрекет дағдылары дамыды.
https://www.instagram.com/reel/DVa1IxtDOCC/?igsh=c3BrOWc2aDQ1MWhm
«Математикалық калейдоскоп» сыныптан тыс іс-шарасы (7–8 сыныптар)
Мақсаты:
оқушылардың математикалық дүниетанымын кеңейту.
Іс-шарада тапқырлыққа арналған тапсырмалар, күрделілігі жоғары есептер және математикалық викториналар ұсынылды. Ойын технологияларын қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, пәнге деген қызығушылығын күшейтті.
Оқушылар тапқырлық, табандылық және жеңіске деген ұмтылыс көрсетті.
Нәтиже:
математика пәніне қызығушылық артып, оқу мотивациясы жоғарылады.
Клыщанова Ж.М. 7а–8а сыныптар арасында «Математикалық марафон» ойынның ұйымдастырды
Мақсаты:
жылдам ойлау және есептеу дағдыларын дамыту.
Іс-шара барысында логикалық тапсырмалар, математикалық тізбектер, викториналар және есептер ұсынылды.Ойын технологиялары оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, пәнге қызығушылығын күшейтті.
Оқушылар тапқырлық танытып, тапсырмаларды орындауда табандылық көрсетті.
Нәтиже:
қатысушылар ұйымшылдық, белсенділік және жақсы есептеу дағдыларын көрсетті.
https://www.instagram.com/p/DVsccpRDPOP/?igsh=MXZjOGhnY2ZnOXA5cQ==
Декада бойынша жалпы қорытынды
Математика, физика және информатика пәндері декадасы ұйымдасқан түрде және нәтижелі өтті.
Өткізілген іс-шаралар:

- оқушылардың білім сапасын арттыруға;
- функционалдық сауаттылығын дамытуға;
- зерттеушілік және практикалық дағдыларын қалыптастыруға;
- коммуникативтік және командалық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етті.

Оқушылар жоғары белсенділік пен қызығушылық танытты.Декада барысында өткізілген іс-шаралар мектепте жағымды білім беру ортасын қалыптастыруға және жаратылыстану-математикалық цикл пәндеріне қызығушылықты арттыруға мүмкіндік берді.

2026жылының 16-27 ақпан аралығында мектебімізде «Өнер » (көркем еңбек, музыка, бейнелеу өнері) онкүндігі өткізілді.
Онкүндіктің мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру және өнерге деген қызығушылығын арттыру.
Онкүндіктің барысында оқушылар өздерінің сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасау, ән айту, өнер түрлерінен шеберліктерін көрсетті. Сонымен қатар, ұлттық және әлемдік өнер туындыларымен танысып, өнердің адам өміріндегі маңызын түсінді.
Онкүндік оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың талантын ашуға, өнер арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталды.
16.02 Онкүндіктің ашылуы
https://www.instagram.com/p/DU0lFwoDP1q/?igsh=dHl6bnAza3h2emZq
https://www.instagram.com/reel/DU2fHmHjEbs/?igsh=a205YWV4ZmQ2c2xj
17.02. Бастауыш сынып мұғалімдері Жаканова А.А , Шокыбаева А.К. ұйымдастыруымен «Көңілді үзіліс» өткізілді. Үзілісте қызықты ойындар ойнатылды.
https://www.instagram.com/p/DU8U27EDOHc/?igsh=eHE2OWFyampmemNh
17.02. Шығармашылық жұмыстарының көрмесі
Онкүндік жоспарына сай 1-4 сыныптар аралысында Хахтай Г "Шығармашылық жұмыс" көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,олардың қиялын,эстетикалық жалғасын және қол еңбегіне деген қызығушылықтарын арттыру.Өз бетінше ізденіп,жаңашыл идея ұсынуға баулу арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал ету.

18.02. Көңілді үзіліс Бастауыш сынып мұғалімдері Хахтай Г.,Досмагамбетова Ж.Ж. ұйымдастыруымен өткізілді.
https://www.instagram.com/p/DVdbXRqjENG/?igsh=MW90eTF5Zm43Ym01YQ==

19.02. «Ою-өрнектер ғажабы» сыныптан тыс іс – шара.

Бастауыш сынып мұғалімі Шокыбаева А.К. «Таңғажайып ою өрнектер" тақырыбында іс- шара өткізді.

https://www.instagram.com/p/DU-ZlsrDMC5/?igsh=b3hjOGx5aG1ld2Nx

19.02. «Жіптен ойыншықтар» шебер –сынып.

Полина Куницкая, 4 «Б»сынып оқушысы, жіптен ойыншықтар жасау шеберлігін көрсетті. Мақсаты:оқушылардың шығармашылықтарын дамыту.

https://www.instagram.com/reel/DU8hf5UjJ_8/?igsh=cnF6M2hiMnFzampu

20.02. «Крестики-нолики» сыныптан тыс іс-шара

Бастауыш сынып мұғалімі Жаканова А.А. 2 «Б» және 4 «Б» сынып оқушыларымен "Крестики-нолики " ойынын өткізді.
Мақсаты:оқушылардың шығармашылықтарын дамыту.
https://www.instagram.com/reel/DU98ttDHKB/?igsh=MW13eWV6bjBybDVwNw==

23.02. "Өнерлі өрге жүзер" сайысы сыныптан тыс іс-шара

Бастауыш сынып мұғалімдері Досмагамбетова Ж.Ж Хахтай Г.2-3 сынып оқушылары арасында"Өнерлі өрге жүзер"сайысы өтті.Сайысқа 2 топ қатысты."Ақындар" және "Суретшілер" тобы. Бұл сайыста "Суретшілер" тобы жеңіске жетті.
Сайыс мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,өнерге баулу,ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

https://www.instagram.com/p/DVGMsoxjLa9/?igsh=Zm14cHFodDdka3Ft

24.02. «Ұлттық ойындар" сурет көрмесі.

Бастауыш сынып мұғалімі Хахтай Г. сурет көрмесін ұйымдастырды.

Мақсаты:Оқушыларға қазақ халқының ұлттық ойындарын таныстыру, олардың тарихи және тәрбиелік маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.

https://www.instagram.com/p/DVIredfjBJh/?igsh=ejcwMWhnNndhYnhk

25.02."Менің хоббиімнің әлемі"стендін безендіру.

Бастауыш сынып мұғалімдері Шокыбаева А.К.,Хахтай Г.,Досмагамбетова Ж.Ж., Жаканова А.А. бастауыш сынып оқушылардың суреттерімен стендті безендірді.Мақсаты:Хоббидің адам өміріндегі маңызын түсіндіру,шығармашылық ойлау қабілетін арттыру және қызығушылық арқылы өзін-өзі дамытуға бағыт беру. https://www.instagram.com/p/DVY4Bgsk3aE/?igsh=cDNsNmptem9rOG40

26.02. "Әуенді тыңда" музыкалық викторина

Бастауыш сынып мұғалімдері  Шокыбаева А.К.,Хахтай Г., Досмагамбетова Ж.Ж., Жаканова А.А. «Әуенді тыңда» музыкалық викторинасының мақсаты:

Музыкалық білімді дамыту: Оқушылардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыкалық терминдер мен ұғымдарды меңгерту.
Творчестволық қабілеттерді ынталандыру: Оқушылардың шығармашылық ойлауы мен қабілеттерін дамыту.
Командалық жұмыс: Оқушылар арасындағы ынтымақтастық пен коммуникациялық дағдыларды күшейту.
Мәдениеттілік пен өнерді насихаттау: Музыкалық мәдениетті, түрлі жанрларды танып-білуге үйрету.
Танымдық қызығушылықты арттыру: Оқушылардың белгілі музыкалық тұлғалар мен шығармаларды танып, олардың тарихы мен маңыздылығын білу.
Бұл викторина білім алушыларды музыканың әлемімен таныстыруда, тыңдау дағдыларын дамытуда және оқудағы мотивацияны арттыруда маңызды рөл атқарады.

https://www.instagram.com/reel/DU98ttDHKB/?igsh=MW13eWV6bjBybDVwNw==

27.02. "Алғашқы аккордттарды тыңда" сыныптан тыс іс-шара

Музыка пәнінің мұғалімі Нуртазина А.М. 5-6 сынып арасында "Алғашқы аккордттарды тыңда" сайысын өткізді.Мақсаты: шығармашылық қабілеттер мен музыкалық таным қалыптастыруды, музыкаға қызығушылығын арттыруды, сондай-ақ өнерді насихаттауды қамтиды. Сайыс барысында қатысушылар өздерінің музыкалық қабілеттерін көрсетіп, тыңдармандармен түсіністік орнату мүмкіндігін алады. Сонымен қатар, бұл іс-шара музыкалық мәдениетті көтеруге, өзара біліктілікті дамытуға, және жастардың таланттарын ашуға бағытталған.

https://www.instagram.com/p/DVs-PZaDOu0/?igsh=MWx6eDZjcHhvdjlzdw==

23 ақпаннан бастап  6 наурыз аралығында   орыс тілі мен әдебиеті  онкүндігінің есебі
23 ақпан күні мектепте «Жасанды интеллект дәуіріндегі орыс тілі» атты онкүндіктің салтанатты ашылуы өтті. Іс-шараға 1–11 сынып оқушылары қатысты. Ұйымдастырушылар – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К.Онкүндіктің мақсаты – оқушылардың орыс тіліне деген қызығушылығын арттыру, цифрлық сауаттылығын дамыту және жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үдерісінде тиімді қолдануға бағыттау.Ашылу барысында оқушыларға онкүндік жоспары таныстырылып, түрлі байқаулар, шығармашылық тапсырмалар мен зияткерлік ойындар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар «Жасанды интеллект дәуіріндегі орыс тілі» тақырыбында цифрлық стенд әзірленді. Стендте жасанды интеллекттің тіл үйренудегі рөлі, онлайн платформалар, интерактивті жаттығулар және заманауи білім беру ресурстары туралы мәліметтер орналастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DVF_2H8DOD6/?igsh=cHA4M2s1aHd1NWF2

24 ақпан күні 3–11 сынып оқушылары арасында «Бүгінгі күні орыс тілі не үшін қажет?» тақырыбында онлайн сауалнама өткізілді. Іс-шараны ұйымдастырған – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К.Сауалнаманың мақсаты – оқушылардың орыс тілінің қазіргі қоғамдағы рөлі туралы көзқарастарын анықтау, тілдің білім алу, кәсіби даму және халықаралық қарым-қатынастағы маңызын түсіндіру.Онлайн форматта өткізілген сауалнамаға оқушылар белсенді қатысты. Нәтижесінде көпшілік орыс тілінің жоғары оқу орындарына түсуге дайындықта, ғылыми ақпарат алуда, түрлі цифрлық ресурстарды пайдалануда және көпұлтты ортада еркін қарым-қатынас жасау үшін қажетті екенін атап өтті.https://www.instagram.com/p/DVKtZksDKyG/?igsh=emtlY2llYWh0aXR3

25 ақпан күні 8–11 сынып оқушылары арасында «Өлеңдерді ЖИ-диктор арқылы дыбыстау» атты шығармашылық іс-шара өткізілді. Ұйымдастырушылар – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К.Іс-шараның мақсаты – оқушылардың көркем мәтінді мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және жасанды интеллект мүмкіндіктерімен таныстыру.Оқушылар өздері таңдаған өлеңдерді жасанды интеллект негізіндегі диктор бағдарламалары арқылы дыбыстап, мәтіннің мазмұны мен интонациясын талдады. Нәтижесінде оқушылар дауыс ырғағы, екпін, пауза секілді көркем оқу элементтерінің маңызын түсінді. Сонымен қатар, ЖИ құралдарының білім беру үдерісіндегі тиімділігіне көз жеткізді.https://www.instagram.com/reel/DVKtzzKDEH2/?igsh=Mnp3bGdyZ2dwMXMy

26 ақпан күні 5–7 сынып оқушылары арасында «Тіл білгірлері» атты зияткерлік квиз ойыны өткізілді. Іс-шараны орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К. ұйымдастырды.Квиздің ерекшелігі – сұрақтар жасанды интеллект көмегімен құрастырылды. Бұл формат оқушылардың қызығушылығын арттырып, заманауи технологияларды білім беру үдерісінде қолданудың тиімділігін көрсетті.Ойын барысында оқушылар грамматика, лексика, әдебиет және тіл мәдениеті бойынша сұрақтарға жауап берді. Командалық жұмыс, жылдамдық пен логикалық ойлау қабілеттері сынға түсті. Қатысушылар белсенділік танытып, білімдерін тәжірибеде қолдана білді.https://www.instagram.com/p/DVeSKP0jDm7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

27 ақпан күні 3–11 сынып оқушылары үшін үзіліс кезінде зияткерлік-танымдық ойындар ұйымдастырылды. Іс-шараны орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К. өткізді.Ойындардың мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, зияткерлік дайындығын арттыру және тілдік білімдерін қызықты формада бекіту. Қатысушылар түрлі сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар мен пазлдарды шешті, командалық жұмыстарға белсенді қатысты.
https://www.instagram.com/reel/DVP5q8ljDWd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2 наурыз күні 5а және 5б сынып оқушылары арасында орыс тілі пәні бойынша «Сиқырланған үңгір» атты дидактикалық ойын өткізілді. Іс-шараны мұғалімдер Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К. ұйымдастырды.Ойынның мақсаты – оқушылардың орыс тілі пәніне деген қызығушылығын арттыру, сөздік қорын дамыту, грамматикалық білімдерін бекіту.Ойын барысында оқушылар түрлі тапсырмаларды орындады: сөздерді дұрыс құрастыру, грамматикалық тапсырмалар, жұмбақтар мен тілдік жаттығулар. Оқушылар белсенді қатысып, тапқырлықтарын көрсетті.Іс-шара қызықты әрі танымдық түрде өтті. Оқушылар орыс тілі бойынша білімдерін жетілдіріп, топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытты.https://www.instagram.com/reel/DVa02w4DD0C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

3 наурыз күні 4 «А» сынып оқушылары үшін Жаксыбаева А.К. өткізген «Алтын күз» атты ашық сабақ жоғары деңгейде ұйымдастырылды.Сабақтың негізгі мақсаты – оқушылардың сөздік қорын байыту, табиғат көріністерін көркем тілмен сипаттау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушылардың

шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру.Сабақ барысында мұғалім түрлі интерактивті әдістер мен көрнекіліктерді қолданды:

1. суреттер мен слайдтар арқылы күз мезгілі мен табиғат ерекшеліктерін көрсету;
2. оқушыларға сөйлем құрастыру және мәтіндер жазу бойынша тапсырмалар беру
3. топтық және жұптық жұмыс арқылы пікірталас ұйымдастыру.

Оқушылар «Алтын күз» тақырыбында мәтіндер құрастырып, өз ойларын мәнерлеп айтып, табиғаттағы өзгерістерді сипаттады. Мұғалім әрбір оқушының ойын тыңдап, қажетті түзетулер енгізіп, позитивті кері байланыс берді. Бұл әдіс балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге және өз ойларын еркін жеткізуге септігін тигізді.Сонымен қатар, сабаққа көркем әдеби элементтер енгізіліп, өлеңдер мен қысқа әңгімелер арқылы табиғат сұлулығын сөз арқылы бейнелеу тәжірибесі жасалды. Мұғалім оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сұрақ-жауап, сөзжұмбақтар және шығармашылық жаттығулар ұйымдастырды.Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеді. Әр тапсырма оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық және лексикалық дағдыларын жетілдіруге және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған еді.Қорытындысында, сабақ жоғары деңгейде өткізіліп, қойылған мақсаттарға толық жетті, оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артып, тілдік дағдылары шыңдалды.https://www.instagram.com/p/DVaz2_iDCcC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

4 наурыз күні 5 «Б» сынып оқушылары үшін Куц Е.А. өткізген «Демалыс және спорт. Жалпылауыш сөзі бар біріңғай мүшелер» атты ашық сабақ жоғары ұйымдастырылған түрде өтті.Сабақтың мақсаты – оқушылардың орыс тіліндегі жалпылауыш сөздерді дұрыс қолдану, сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру және тілдік білімді практикада қолдану. Сонымен қатар, сабақ оқушылардың қызығушылығын арттыруға және тақырып бойынша ойларын еркін жеткізуге бағытталған.Сабақ барысында мұғалім интерактивті әдістерді белсенді қолданды:

- тақырыпқа байланысты мысалдар мен көрнекіліктер ұсынылды;
- оқушылар топтық және жұптық жұмыстар орындады;
- практикалық жаттығулар арқылы сөйлемдерді дұрыс құрастыру және жалпылауыш сөздерді мәтінге енгізу дағдылары бекітілді.Сонымен қатар, оқушылар спорт және демалыс тақырыбында мәтіндер құрастырып, өз идеяларын сынып алдында мәнерлеп оқыды. Мұғалім әрбір оқушыға кері байланыс беріп, қателерді түзетуге мүмкіндік жасады, бұл білімді терең меңгеруге септігін тигізді.Сабақ барысында оқушылардың белсенділігі өте жоғары болды: олар сұрақтарға жауап берді, пікір алмасты және жаңа ақпаратты қолдана білді. Әсіресе, топтық ойындар мен жаттығулар балаларға өзара ынтымақтастық орнатуға және бір-бірінің тілдік дағдыларынан үйренуге мүмкіндік берді.Қорытындылай келе, сабақ оқушылардың грамматикалық дағдыларын, ойлау қабілеттерін және сөйлеу мәдениетін дамытуға, сондай-ақ оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған тиімдіашық сабақболды.https://www.instagram.com/p/DVeTfVkjCFh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

5 наурыз күні 1–4 сынып оқушылары арасында «Санглбанглтинглтаг» атты жаңылтпаштар байқауы өткізілді. Іс-шараны орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К. ұйымдастырды.Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын, сөздік қорын және артикуляциялық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар олардың ойлау қабілеті мен шапшаңдығын арттыру.Сабақ барысында оқушылар жаңылтпаштарды мәнерлеп айту арқылы тіл шеберлігін сынады. Байқау форматында әрбір қатысушы өз кезегінде қиын жаңылтпаштарды дұрыс айтуға тырысты. Мұғалімдер қатысушылардың қателерін түзетіп, дұрыс дыбыстау және екпін қою ережелерін көрсетті.Іс-шара интерактивті түрде ұйымдастырылып, оқушылардың бір-бірімен бәсекелесіп,

қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ойын элементтері балалардың көңілін көтеріп, оқу процесін қызықты және есте қаларлық етуге ықпал етті.https://www.instagram.com/reel/DVsgTE3jPxX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

6 наурыз күні мектепте «Жасанды интеллект дәуіріндегі орыс тілі» онкүндігінің жабылуы салтанатты түрде өткізілді. Іс-шараға 1–11 сынып оқушылары қатысты, ұйымдастырушылар – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Куц Е.А. және Жаксыбаева А.К.Жабылу іс-шарасының мақсаты – онкүндік аясында өткізілген барлық іс-шаралардың қорытындысын шығару, қатысушылардың жетістіктерін атап өту және оқушылардың орыс тіліне деген қызығушылығын арттыру.

Іс-шара барысында:

- онкүндік барысында өткен ашық сабақтар, зияткерлік ойындар, жаңылтпаштар байқауы, дидактикалық және онлайн іс-шаралардың қысқаша шолуы жасалды;
- белсенді қатысқан оқушылар мен сыныптар марапатталды, сертификаттар мен дипломдар табыс етілді;
- оқушылардың жасанды интеллект құралдарын білім беру үдерісінде қолдану бойынша алған тәжірибелері мен жетістіктері атап өтілді.

Іс-шара соңында оқушыларға орыс тіліне деген қызығушылықты сақтау, тілдік дағдыларын дамыту және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Онкүндіктің жабылуы танымдық, шығармашылық және мотивациялық жағынан жоғары деңгейде өтті.

«Жас мамандар» апталығының өткізілуі туралы

2025–2026 оқу жылының сәуір айында мектепте жас мамандар апталығы ұйымдастырылып өткізілді. Апталықтың мақсаты – жас педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу, шығармашылық әлеуетін дамыту және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру болды.

Апталық аясында бірқатар ашық сабақтар мен тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

1 сәуір күні Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Мухамеджанова Ғ.Х.  Wayground «Білім алаңы»  атты іс-шара өткізді. Сабақ барысында оқушылар Wayground «Білім алаңы» платформасына QR-код арқылы кірді. Бұл тәсіл уақытты үнемдеп, платформаға тез қосылуға мүмкіндік берді. Оқушылар смартфон немесе компьютер арқылы  тестке бірден қол  жеткізді.

Берілген тест тапсырмалары оқу бағдарламасына сәйкес болды: сөздік қорды тексеру, сөйлем құрастыру, грамматикалық тапсырмалар, аударма жұмыстары. Тапсырмалар түрлері: көп таңдаулы сұрақтар, сәйкестендіру, бос орынды толтыру. Оқушылар QR-кодты сканерлеп, тестке кірді, сұрақтарға жауап беріп, нәтижесін бірден көрді. Бұл олардың дербестігі мен жауапкершілігін арттырды.

Оқушылардың сабаққа қызығушылық жоғары болды, оқушылар белсенді қатысты, жедел кері байланыс алды, уақыт тиімді пайдаланылды, цифрлық сауаттылық дамыды.

Тест нәтижесінде оқушылардың білім деңгейі анықталды, жиі жіберілетін қателер көрінді, сөздік қорымен грамматикасы бағаланды.

QR-код арқылы ұйымдастырылған тест заманауи әрі тиімді әдіс болып табылды. Оқушылардың белсенділігін арттырып, білім сапасын жақсартуға ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DWoN29pDA9_/?igsh=MWJwd2V1dHNkbTYxYw==

2 сәуір күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Асылбеков Тамирлан Жанарбекович 5-11 сынып оқушыларымен «Қаламгерлер үні-жүрек сыры» тақырыбында әдеби кеш өткізді. Мақсаты: – Ұлы ақындардың өнегелі өмірімен таныстыру, ақындардың даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттап, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу. Көркем сөйлеуге , өз бетімен іздене білуге , шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу.
Әдеби кеште Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтар қойылды. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» айдарында кеш қонақтарынан Айбай шығармасынан өлең жолдарын, қара сөздерін, әңгімелері сұралып. Мұқағали Мақатаевтың, Шерхан Мұртазаның, Мұхтар Әуезовтың, Оралхан Бөкейдің өмірлеріне шолу жасап шығармалары мен өлеңдеріне тоқталды.

https://www.instagram.com/reel/DWocw68jKq-/?igsh=Zzd4d2Vqamc4a2Rw

Ағылшын тілі мұғалімі Кабдешова М.В. 4-сынып оқушыларымен «Placesin a town» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты – оқушыларға қаладағы орын атауларын (shop, school, hospital, park, etc.) меңгерту, жаңасөздерді дұрыс айту және сөйлеу барысында қолдану, сондай-ақ қарапайым сөйлемдер құрастыру дағдыларын дамыту болды.

Сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, жаңа сөздерді меңгерту үшін көрнекіліктер, суреттер және карточкалар пайдаланылды. Оқушылар «Whereis…?» сұрағына жауап беріп, диалог құру арқылы сөйлеу дағдыларын дамытты.

Сонымен қатар, сабақта ойын элементтері кеңінен қолданылды. Оқушылар интерактивті тапсырмалар орындап, өз білімдерін бекітті. Топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылардың белсенділігі артты.

Сабақтың барлық кезеңдері жоспарға сай жүргізіліп, оқу мақсаттарына қол жеткізілді. Оқушылар тақырып бойынша негізгі сөздерді меңгеріп, қарапайым деңгейде өз ойларын жеткізеалды.

Қорытындылай келе, ашық сабақ жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға және ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DWoO59OjC3n/?igsh=eGxkYTRzbmV5bHQ3

3 сәуірде жас мамандар «Менің болашақ мамандығым» 9–11 сынып сұхбаттасты.

Сұхбат барысында оқушылар өздерінің болашақ мамандықтары туралы ойларын білдірді. Көпшілігі дәрігер, мұғалім, IT маманы сияқты мамандықтарды таңдаған. Таңдау себептері – қызығушылық, қоғамға пайда келтіру және жақсы табыс табу.

Кейбір оқушылар нақты шешім қабылдамағаны байқалды, бұл олардың мамандық туралы ақпараттың жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Жалпы, сұхбат оқушылардың кәсіби бағдарын анықтауға көмектесті және олардың ойлау, өз пікірін жеткізу дағдыларын дамытуға оң әсеретті.

https://www.instagram.com/reel/DWy8zU- DMNB/?igsh=eDRuYWJoaW0yMGM2==

Бастауыш сынып мұғалімі Қабдеш Р.Е «Армандар картасы» 5–6 «А» сынып оқушылары

Мақсаты:Оқушылардың болашаққа деген көзқарасын қалыптастыру, армандарын нақтылау және оларды визуалды түрде бейнелеу арқылы мотивациясын арттыру. Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуге және мақсат қоя білуге үйрету.

Іс-шара барысында оқушыларға «Армандар картасы» ұғымы түсіндіріліп, әрқайсысы өз армандарын, мақсаттарын қағаз бетіне сурет, сөз, стикерлер арқылы бейнеледі. Оқушылар түрлі-түсті қағаздар, журнал қиындылары мен маркерлерді пайдаланып, жеке постерлер жасады. Соңында әр оқушы өз жұмысын таныстырып, армандары туралы қысқаша айтып өтті. Оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың болашаққа деген сенімін күшейтті.Балалар өз армандарын нақтылап, оларды жүзеге асыру жолдары туралы ойлануға мүмкіндік алды.Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу, ойлау және шығармашылық қабілеттері дамыды.

https://www.instagram.com/reel/DWylfQ6DNBW/?igsh=NmVteDd6OWNzaHEx

6 сәуір күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі АсылбековТамирлан Жанарбекович және ағылшын тілі мұғалімі Кабдешова Мадина Варысовна 9а-9бсыныптарымен «Lingua Quiz: Екітіл – бір әлем» тақырыбында викториналық ойын өткізді. Мақсаты: Оқушылардың қазақ тілі, ағылшын тілі пәндерінен алған білімдеріне сүйене отырып дүниетанымдық көзқарастарын және тіл үйренуге қызығушылықтарын дамыту. Викториналық ойын 4 кезеңдерден тұрады. 1 кезең«Бәйге» әрбір оқушыға жалаушалар беріліп жауабын білген оқушы жалаушаны көтеріп сұрақтарға жауап беріп отырды.
2 кезең«Polyglot» (мақалдытап) әрбір топ жалаушаны көтеру арқылы тақтада берілген екі тілде мақалдарды тауып жалғастырды. 3 кезең «Guesstheriddles!» (жұмбақтың жауабын тап) әр бір топ жалаушаны көтеру арқылы тақтада берілген екі тілде жұмбақтардың жауабын тауып екі тілде айту шарт болды. 4 кезең «Кім тапқыр?» берілген екі тілдегі қимақағаздар арқылы мәтіндер құрастырып сол мәтіндердің атауын атап табу керек болды. Ойын сонында топ ұпайлары саналып жеңімпаздар марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DW1DmjiDG4Q/?igsh=MWQyaXEydTZ1c2lycA==
7 сәуірде Набиева Д.К. «Тарих беттері» интеллектуалдық-танымдық ойыны
9–11 сынып оқушылары

Мақсаты:Энеолит дәуірінен (Ботай мәдениеті) бастап Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі тарихына дейінгі материалдарды бекіту. Мақсат мемлекеттіліктің негізгі кезеңдерін қамтитын жан-жақты сұрақтар арқылы жүзеге асырылды.

«Кім артық?» және «Қара жәшік» кезеңдері арқылы жүзеге асты. Бұл тапсырмаларда оқушылар логикалық ойлауын қолданып, биология, құқық, әдебиет сияқты сабақтармен байланыстыра отырып, сыни талдау жасады.

Ойын құрылымы күрделілік деңгейінің артуына қарай логикалық түрде ұйымдастырылды:

1-кезең: Ұғымдарды жіктеу және артық элементті анықтау. Бұл оқушылардың теориялық білімдерін еске түсіруге мүмкіндік берді.

2-кезең: ЖИ-көмек арқылы тұлғаны біртіндеп ашу әдісі аудиторияның қызығушылығын тиімді сақтады.

Хронологиялық блок (3 және 5-кезеңдер):
Тәуелсіздік тарихына ерекше көңіл бөлінді. Бұл жоғары сынып оқушылары үшін маңызды әрі азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етті.

Шығармашылық ізденіс (4-кезең):
«Қара жәшік» элементі ойынға қызығушылық енгізіп, тарихты тұрмыс және мәдениетпен (тұз, орамал, қобыз) байланыстыруға мүмкіндік берді.

Іс-шара барысында келесі әдістер тиімді қолданылды:

- Интеллектуалдық сергіту әдісі: оқушыларды жылдам жұмысқа тартуға мүмкіндік берді.
- Проблемалық-ізденіс әдісі: оқушылар тек жауап беріп қана қоймай, өз пікірлерін дәлелдей алды (мысалы, Кенесары хан мен XVIII ғасыр билеушілерінің айырмашылығын түсіндіру).
- АКТ технологиялары: интерактивті презентация тек көрнекілік емес, негізгі ақпарат көзі ретінде қолданылды. Бұл қазіргі жасөспірімдердің қабылдау ерекшеліктеріне сай келді.

